

Бос орын: зерттеулер және болжамдау бөлімінің ғылыми жобалар секторының бас сарапшы-талдаушысы (4 бірлік)

жалақысы 353 649-дан 353 649-ға дейін

Міндеттері:

- тақырыптардың бөлімдері (мемлекеттік тапсырманың кезеңдері) бойынша, соның ішінде жауапты орындаушы ретінде эконометрикалық және макроэкономикалық модельдерді құра отырып және/немесе ғылыми жетекшімен бірлесіп ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер жүргізеді;
- халықаралық, мемлекеттік және жеке ұйымдар мен қорлар ұсынатын гранттық, бағдарламалық-нысаналы және ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызметті өзге де қаржыландыруға арналған халықаралық және республикалық конкурстарға, ҚР ҒЖБМ конкурстарына, зерттеулерге арналған гранттарға, халықаралық гранттарға және т. б. қатысуға өтінімдерді дайындауға және оларды іске асыруға (ұтып алған жағдайда) қатысады;
- Қазақстан экономикасын макроэкономикалық дамытудың, бюджеттік жүйенің, мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың өзекті мәселелері бойынша Серіктестіктің міндеттері шеңберінде талдамалық материалдар, баяндамалар, болжамдар, анықтамалар, сондай-ақ ақпараттық-талдамалық жазбалар дайындайды;
- Зерттеу жұмысы тақырыбы, озық отандық және шетелдік тәжірибе, мемлекеттік аудиттің қазіргі даму тенденциялары, эксперименттер мен бақылаулар нәтижелері бойынша ғылыми ақпаратты жинайды, өңдейді, талдайды және жинақтайды;
- техникалық тапсырмаға сәйкес зерттеу жоспарын жасайды, тақырып бойынша есептерді (есеп кезеңдерін) қалыптастырады, орындалған зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша әдіснамалық құжаттаманы немесе практикалық ұсынымдарды әзірлейді;
- есептерді ресімдейді және Тапсырыс берушіге тапсырады;
- орындалған зерттеу жұмыстары бойынша орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісін дайындайды (нысанды келіседі, құжатқа қолдар жинау);
- ғылыми зерттеулердің нәтижелерін дәйексөз индексі жоғары халықаралық журналдарда жариялайды, ғылыми семинарлар мен ғылыми конференцияларды дайындауға және өткізуге қатысады;
- тоқсан сайынғы «Мемлекеттік аудит-Государственный аудит» журналына және басқа да ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-талдамалық басылымдарға талдамалық материалдар мен мақалалар жинауды және дайындауды жүргізеді;
- ғылыми-зерттеу жобаларына өтінімдерді дайындауға және беруге қатысады;
- түсіндіру жұмыстарын жүргізу және кері байланыс алу мақсатында серіктестіктің зерттеу нәтижелері бойынша дөңгелек үстелдер өткізуге қатысады;
- өзінің лауазымдық міндеттері мен өкілеттіктері шеңберінде Сектор, Бөлім және Ссеріктестік басшылығының өзге де тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындайды.

Талаптар:

- **экономика немесе қаржы немесе есеп және аудит немесе мемлекеттік аудит мамандықтары бойынша жоғары білімнің болуы;**
- экономика ғылымдарының кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің болғаны жөн;

• білім беру ұйымдарында және/немесе ғылыми-зерттеу ұйымдарында және/немесе мемлекеттік аудит органдарында және/немесе лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.

• міндеттерді орындау үшін қажетті дағдылар:

• мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруі (intermediate-тен төмен емес);

- зерттеулер жүргізу;
- эконометрикалық және макроэкономикалық модельдерді құру;
- ақпаратты жинау, жүйелеу және деректерді талдау;
- статистикалық мәліметтермен, рейтингтермен, индекстермен және т. б. жұмыс;
- аналитикалық құралдарды қолдану;
- компьютерлік техника, коммуникация және байланыс құралдарын пайдалану;
- іскерлік хат-хабарлар.

Жұмыс шарттары:

• бес күндік жұмыс аптасы 8 сағат 30 минуттан 17 сағат 30 минутқа дейін (түскі үзіліс 12 сағат 30 минуттан 13 сағат 30 минутқа дейін);

• жұмысқа қабылдау кезінде 3 (үш) ай сынақ мерзімі белгіленеді (қызметкер ауру бойынша жұмыста, демалыста және т. б. болған жағдайда сынақ мерзімі тоқтатылады.);

• ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына арналған сауықтыру жәрдемақысы қаржы жылында, 11 ай жұмыс мерзімі өткеннен кейін бір рет төленеді.

• мүмкіндігінше ақша қаражаты болған кезде, сондай-ақ тиісті үнемдеу болған кезде тоқсан сайынғы сыйлықақылар, сондай-ақ мемлекеттік мерекелерге арналған сыйлықақылар төленеді (сыйлықақы тәртіптік жазасы бар, сондай-ақ сынақ мерзіміндегі қызметкерлерге төленбейді).

Түйіндемені 2024 жылғы 20 желтоқсанға дейінгі мерзімде hr1@cifn.kz электрондық мекенжайға жіберуді сұраймыз.